

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА

2025 жылғы 17 маусым

№ AIFC-C/CFI/2025/0017 іс

Талгат Купешев Бекшораевич

Талап қоюшы

қарсы

Исламдық азық-түлік қауіпсіздігі ұйымы

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Мәртебелі Лорд Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылады.
2. Шығындар туралы бұйрық шығарылмайды.

ШЕШІМ

1. Осы талап арызда Қупешев Талғат Бекшораевич («**Талап қоюшы**») Соттан Исламдық азық-түлік қауіпсіздігі ұйымымен («**Жауапкер**») еңбек қатынастарының тоқтатылуына байланысты әртүрлі құқықтық қорғау құралдарын ұсынуды сұрайды.
2. Талап қоюшымен Жауапкер арасындағы еңбек қатынастары 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № IFS/EA-30 Еңбек шартымен («**Еңбек шарты**») реттелген.
3. Жауапкер талап арызға қарсылық білдіріп, оның ішінде АХҚО Сотының осы дауды қарауға құзыреті жоқ екенін алға тартады.
4. Тараптардың ешқайсысы сот отырысын өткізуді сұрамаған. Мен бұл мәселе құжаттар негізінде тиісті түрде шешілуі мүмкін деген қорытындыға келдім.
5. АХҚО Еңбек регламентінің 4(1)-бабында оның «АХҚО органдарының қызметкерлеріне, АХҚО органдарының компанияларына, АХҚО қатысушыларына, сондай-ақ Жұмыс берушінің қызметкерлеріне» қолданылатыны көзделген. Жауапкер АХҚО органы да, АХҚО органының компаниясы да, АХҚО қатысушысы да болып табылмайды.
6. Осыдан шығатыны — АХҚО Соты заң бойынша құзыретке ие емес.
7. Еңбек шартының талаптарынан тараптар Еңбек шартынан туындайтын немесе соған байланысты даулар АХҚО Сотында қаралады деп келіспегені анық көрінеді. 16.6-тармақтағы «тікелей сотқа жүгіну құқығы» туралы сілтеме АХҚО Сотына емес, керісінше АХҚО-ға қатысы жоқ ұйымға қарсы еңбек дауы бойынша құзыретті Қазақстан Республикасының тиісті қалалық немесе аудандық сотына жүгінуді білдіреді.
8. Осыдан шығатыны — Сот тараптардың келісімі негізінде де құзыретке ие емес.
9. Жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сәйкес, АХҚО Соты осы талапты қарауға құзыретке ие емес.
10. Осылайша, талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылады.
11. Шығындар туралы бұйрық шығарылмайды. Тараптардың ешқайсысы осы іс бойынша АХҚО Сотының Шағын талаптар істері жөніндегі ережесінің 26.9-тармағына сәйкес стандартты ұстанымын қолданбауды ұсынбаған.

Сот қабылдады,

Судья, Лорд Баннер КС,
Судья, АХҚО Соты



Өкілдік:

Талап қоюшы атынан Nexus for Success Ltd компаниясының серіктесі Балған Мамыталиев мырза өкілдік етті.

Жауапкер атынан Исламдық азық-түлік қауіпсіздігі ұйымының (ИӨҚҰ) бас директоры Берік Арын мырза өкілдік етті.